

## КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының қозғалысы, деңгейі, көрсеткіштері ұлттық қауіпсіздігімізге төнген қатердің бірі. «Компьютер ғасыры» біздің ұлтты лас мәдениетпен улап жатыр.

Жасыратыны жоқ, жаңа ғасырдың «білім ұялары» қылмыс ошағына айналып барады. Олай дейтініміз, құзырлы мекеме — Ішкі істер министрлігінің өзі мектеп оқушыларының арасындағы қылмыстың өршуіне алаңдаушылық білдіруде. Мысалы, ІІМ баспасөз қызметінің хабарлауынша, республика бойынша 2012 жылдың қаңтар айында ғана мектеп, лицей, гимназияларда 184 қылмыс тіркелген. Бұл өткен жылғы көрсеткішпен шамалас көрінеді. Сонымен қатар, бірқатар аймақтарда кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысқа бару фактілерінің өсуіне жол берілген. Бұл мәселе айтылып жүрген жоқ. Құзырлы министрліктегілер де қол қусырып қарап отырған жоқ. Қаршадай қылмыскерлердің әрекеттеріне тосқауыл қою үшін «мектептегі инспекторлар» институты құрылғаны белгілі. Олардың саны шамамен 1500 адамға жетеді. Сондай-ақ, ахуал ауыр отбасылардың кәмелеттік жасқа толмаған балаларын ақысыз-пұлсыз спорт залдарына апару, әртүрлі үйірмелерге тарту жұмыстары қолға алынды. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу үшін ағымдағы жылдың 15 ақпанынан бастап «Мектептегі құқықтық тәртіп» атты кешенді іс-шаралар өткізілуде.

Міне, осы акцияның алғашқы күнінде ішкі істер органдарына құқық бұзған 1,5 мыңнан астам кәмелетке толмаған балалар жеткізілген. Соның ішінде 400-і — мектеп қабырғасында спирттік ішімдіктер ішіп ұсталғандар. Оның сыртында, құқық қорғаушылар мектепке «қолың бір сілтеп», оқудан шығып кеткен 500-ден астам баланы қолға түсіріпті. Тағы 66 бала түн жамылып ғаламтор-кафелерде және компьютер клубтарында үлкендердің «көмегінсіз» сайрандап жүрген жерлерінен ұсталынғап. Әрине, мұрнынан тізе берсек, мұндай дәлелдерді өте көптеп келтіруге болады. Ел аумағында қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Осы орайда ІІМ-нің Әкімшілік полиция комитетінің профилактикалық қызметінің жұмысын айтуға болады: «Мәселен, қазіргі кездегі кәмелеттік жасқа толмағандарға ересектерсіз ойын-сауық мекемелеріне баруға тыйым салынған. 21 жасқа дейінгі жастарға алкогольдік өнімдер сатылмайды. Алайда ахуал біз ойлағандай емес.

Өткен жылы республикалық ауқымда «Жасөспірім», «Сабак», «Есепке алу» атты іс-шаралар өтті. Соның нәтижесінде, ішкі істер органдарына 24,5 мыңнан астам кәмелетке толмағандар жеткізілді. Соның ішінде 11 мыңнан астамы — әкімшілік құқық бұзушылық, 34-і — әртүрлі қылмыс жасағандар, ал 6 мыңға жуығы спирттік ішімдіктер ішіп, 60-ы - есірткі заттарын қолданғандар. Жас өскіндерді «жынды сумен» улаған 40 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Яғни, балаларды қаршадайынан қылмысқа итермелейтін үлкендердің өзі. Жоғарыдағы шаралар барысында жасөспірімдерге алкогольдік өнімдерді сатқан 700-ден астам, темекі өнімдерін сатқан 500-ден астам фактілерді анықталды. Атап айтарлығы, жасөспірімдер қылмысына көбіне-көп отбасыдағы ахуалдың қолайсыздығы себеп болады.

Қылмыстық-құқықтық ғылымының, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамаларын және тәржірибеде олардың қолданыстығы қазіргі жағдайын ескере отырып, жасөспірімдер қылмыстылығының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерінің ғылыми зерттеу жүргізілді, яғни, құқықты қолдану барысында пайда болатын сұрақтарды меңгеру, жасөспірімдер қылмыстылығын алдын алудың жолдары қарастырылды. Тәуелсіздік алған кезінен бастап Қазақстан БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенцияны бекітті және балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласында белгілі жұмыстарды атқарады: 30-дан астам заңдар мен нормативтік актілерден тұратын балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамалық база құрылған, Конвенцияның жалпы қағидалары мен нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодексіне енгізілген; 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» атты мемлекеттік бағдарлама бекітілген, онда балалар құқықтарын және балаларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылықтары, бағыттары мен міндеттері анықталған. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясат барлық деңгейдегі мемлекеттік ұйымдар қызметінің басымдылық саласы болып табылады.

Жасөспірімдердің қылмысқа баруына түрткі болатын әрекеттер үшін жауапкершілікті анықтайтын қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіру керек:

қоғамға қайшы әрекеттер тізбесін «өзге де қоғамға қайшы әрекеттермен» толықтыру;  
арнайы баптарда көзделген қылмыстарды ауыр қылмыстар санатына жатқызу;

«мүддесіне бола оларда көзделген қылмыс жасалатын кәмелетке толмаған адамдар" түріндегі сараптаушы белгіні кіргізу; ауырлататын мән-жайлар тізіміне «ересектің кәмелетке толмағанмен бірлесіп қылмыс жасауы, оның мүддесі үшін немесе оның көзінше қылмыс жасауы, сондай-ақ кәмелетке толмағанға немесе оның заңды мүдделеріне қастандықпен қол сұғу» түрінде толықтыру енгізу.

Соттың жаза тағайындауын анықтау және алдын ала тергеу органдарының қамтамасыз етуіндегі мақсаттардың бастысы — кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу; соттың жазалаудағы мақсатын анықтайтын нормалардың редакциялаудағы олқылықтан иленбей келгендігін ескеріп ол қателікті түзеуі керек; топтасқан қылмыстын ересек қатысушының тағайындалатын жаза кәмелетке толмаған қатысушыға тағайындалатын жазаға қарай белгіленеді; ересек кісі жасаған қылмыстың кәмелетке толмағанға көрсеткен араңдатушылық дәрежесін ескеру қажет. Кәмелетке толмағанның заң бойынша берілетін жазасын жеңілдете отырып, ересекке тағайындалатын жазаны ауырлату үкімінің ықпалдық күшін көтерер еді.

Ресми статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда 18 431 бала ішкі істер мекемелерінде «елсіз топтар» есебінде тұр. Ал 2654 жүгірмекке әртүрлі қылмысы үшін үкімі шығарылып, темір торға қамалған. Олардың 619 — 14 пен 15 жастағы және 2035 — 16 мен 17 жастағы жасөспірімдер. Жағанды ұстатыны сол, бір ғана 2009 жылы «жынды судан» ұрттап алып, ақылынан алжасқан 16 жасқа дейінгі 360 жасөспірім жасаған қылмыстары үшін жазаға кесілген. Бұл бір. Екінші, Денсаулық сақтау министрлігінің салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері жөніндегі ұлтты орталығының мәлеметтері бойынша, еліміздегі 11 мен 16 жас аралығындағы бозбала бойжеткендердің 180 000-нан астамы (дәлірек айтсақ, 182000) көк түтінге құмар. Ал егер осы жас аралығындағы барлық балалардың саны 1 млн 518 мың екенің ескерсек, бозбала — бойжеткендердің 12 пайызынын ағзасы никотинмен уланды деп есептеу керек.

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың ерекшеліктерін ескерген жағдайда ғана қылмыстың алдын алудың қылмыстық-құқықтық шараларының тиімділігі артады. Сондықтан да құқықтық насихат пен кәмелетке толмағандардың тікелей өзіне ықпал ету ата-анаға арналған құқықтық насихатпен, ересек адамдарға арналған насихатпен толықтырылуы тиіс.

Қылмыстың алдын алудың маңыздылығы ресми алдын ала ескеріуді қолдануға заңдық негіз болуын талап етеді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кәмелетке толмағанның қылмыстан өз еркімен бас тартуына және шын өкінуіне түрткі болуға міндеттейді.

Қазіргі кезде кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күреске әртүрлі мемлекеттік институттар жұмылдырылған. Олардың қызметіндегі басты бағыттарға мыналар жатады: әлеуметтік сақтандыру — елдегі саяси және әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру, ресми және жасырын жұмыссыздықты азайту, әлеуметтік салаға бөлінетін қаражатты көбейту, заңдарды уағыздау; кәмелетке толмағандарға қарсы бағытталған қылмыстардың арнайы алдын алу.